ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

ГЕМАКАСЕС
СТРОИТЕЛЬНАЯ КОМПАНИЯ

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Индекс: 120011. г.Кызылорда, Аксуатский сельский округ, село Ж.Махамбетов, улица Отек Кулманов дом №58. РНН: 330100227293. БИН: 051140008585.

БИК: IRTYKZKA. СЧЕТ: KZ7596525F0007368765 KZT. КБЕ 17. АО «ForteBank». Тел: 8-7242-21-17-07.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне

ШАҒЫМ

«ГЕМАКАСЕС» ЖШС-гі осы лотың қорытынды хаттамасымен келіспейді, себебі: «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңның 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (бұдан әрі - орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері) жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұрын орындалған жұмыстардың ұқсас немесе ұқсас болуы) және олардың техникалық күрделілігіне қарай есептеледі. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады жәнеде егер конкурстың мәні күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, жаңа объектілерді салу, қолданыстағы объектілерді кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстарының тәжірибесі ескеріледі делінген.

Ұйымдастырушы және тапсырыс беруші тарапынан Конкурстың функционалдық мақсаты **тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер** деп айқындалған. Әлеуетті өтінім берушілердің жұмыс өтілімін есептегенде **функционалдық мақсаты** бойынша және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңның 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша **орындалған жұмыстарды қабылдау** және **объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің** электрондық көшірмелерінің түгелдігін, **(авторлық қадағалаушы, техникалық қадағалаушы, тапсырыс беруші, мердігер мекеменің қол таңбалары, мөр басылғандығын)** тексеріп есептеу керек еді. Сол кезде:

1) **"Актив-А"** ЖШС-нің біліктілігінде көрсетілген жұмыс өтілімі **1,2** пайыз болу керек. Атап көрсетсем: бас мердігер ретінде атқарған **2** нысандардың ғана құжаттары түгел **(№ 961226 және № 960604)**. Ал қалған біліктілігінде көрсетілген нысандарының құжаттары Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамасына сай келмейді. Есепке алмау керек.

2) **"ЛИРА ЛТД"** ЖШС-нің біліктілігінде көрсетілген жұмыс өтілімі **3,8** пайыз болу керек. Атап көрсетсем: бас мердігер ретінде **5**, қосалқы мердігер ретінде **16** нысандардың ғана құжаттары түгел (**№790560, №790662, №150959, №782204, №124508, №788718, №150893, №998459, №788927, №788977, №790501, №782374, №790633, №782366, №789972, №782413, №789750, №782143, №124339, №782109** және **№124307**). Ал қалған біліктілігінде көрсетілген нысандарының құжаттары Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамасына сай келмейді. Есепке алмау керек.

3) «ГЕМАКАСЕС» ЖШС-не келетін болсақ біліктілігінде көрсетілген жұмыс өтілімі **5%** пайыз болу керек. Біліктілігінде көрсетілген нысандарының құжаттары Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамасына сай келеді.

Осы себепті аталған мемлекеттік сатып алудың қорытындысын қайта қарап заң шеңберінде өзгертуіңізді сұраймын.

Ізгі Құрметпен «ГЕМАКАСЕС» ЖШС-нің директоры: Пазылов Ж.С.

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ГЕМАКАСЕС» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД КЫЗЫЛОРДА